



Жалпы ұстаздық жолда келе жатқаным 17 жылға жуық уақыт өтіпті.Өрине, бұл аз уақыт емес...

Үстаз бен шәкірт квстын кос канаты іспетті. Баланын тілін тауып,бағытын біліп,зейінін аша білу керек.Откенге қоз тастайтын болсақ, біздің кездегі оқушы мен қазіргі оқушыны мүлдем салыстыруға келмейді. Балалар тез арада бәрін менгеріп алғанымен, жалығып кетуі де тез-ақ. Сол себепті де, күнделікті сабақтар әртүрлі әдіс-тәсілдермен өтеді. Онын үстіне физикада теориямен бірге тәжірибе қатар жүрген кезде,оқушынын пәнге деген қызығушылығы одан сайын артады.

Өздерініз білетіндей, жаһандану заманында, елімізде білім беру саласында жаратылыстану бағытына басымдылық берілген. Осы орайда, Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы №25 орта мектептің оқушылары үнемі ізденіс үстінде қорінуде. Айталық, аудандық, облыстық, республикалық әртүрлі байқаулардан, олимпиадалардан, ғылыми жобалардан мектебімізге оқушылар жетістіктермен қоржындарын толтыруда.

Жуырда Қызылорда облысында «Ізденіс жолы» қоғамдық қорынын ұйымдастыруымен өткен Қазакстан Республикасы Президентінін «Қазакстандықтардын әл-ауқатынын осуі:

табыс пен түрмыс сапасын арттыру» атты жолдауы аясында III облыстык «Orda-Junior-2018» ғылыми жобалар байқауына катысып, физика секциясы бойынша 10-сынып оқушысы Айжан Бакытжан мен 9-сынып оқушысы Диас Тойбазар II орынмен марапатталды. Ғылыми жоба барысында «Hyundai bus» тақырыбында Айжан қоршаған ортаға зиян келтірмей, күн батареясымен, электр тогымен және үйкеліс күші арқылы жүретінін теориялық түрғыда қорғап шықса, Диас тәжірибе жүзінде іске асыра отырып, жасаған макетін жоғары дәрежеде қорсетті.

Аймақтық деңгейде өткен ғылыми жобаға жеті аудан мен қала оқушылары қосылғанда, қалаға қарағанда ауыл балаларының үяндығы басымырақ келері созсіз. Сондықтан да үстаздар қауымы мектептерде дебаттар мен дискуссияларды жиі-жиі үйымдастырып, іс-шаралар өткізсе, соған балаларды жастайынан катыстырып, қолдау қорсетсе, баланын өзіне деген сенімділік пен тәжірибені арттыруы созсіз орындалады.

Қазіргі таңда кез келген тәжірибе мен теорияны байланыстырып, істеген жұмыстарын қорғай алатын, бір созбен айтқанда, болашақта өз мамандығының ораторы болатын шәкірттерді мектебіміздің үстаздары тәрбиелеуде. Алдағы уақыттарда бұл жұмыс он нәтижесін беретініне сенімім мол.

Балнүр МӘМЕН